

Қазақ тілі пәні бойынша оқушыларды ҰБТ дайындаудың тиімді жолдары

Бүгінде қазақ тілін оқытудағы басты мақсат – мемлекеттік тіл болып табылатын ана тілімізді жан-жақты терең игерту. Ал бұл міндеттің орындалуында ҰБТ сынағына оқушыларды жан-жақты дайындау үлкен рөл атқаратындығы айқын.

ҰБТ-ға дайындауда мұғалім рөлі ерекше зор. Мұғалім үнемі ізденіп, көп еңбектенуі қажет.

ҰБТ-ға сапалы дайындалудың тиімді жолдары:

Ұлттық бірыңғай тестінің сапалы өтуі, алдымен, мұғалім мен оқушының уақытты тиімді пайдалануында . Тапсырманы түрлендіріп қолдануындағы мақсат оқушылардың пәнге деген құштарлығын арттырып, жоғарғы деңгейде білім алуына көмектесу. Сондықтан оқушылар теориялық білімдерін үнемі практикалық тұрғыда пайдаланып отырады. Қазақ тілінен оқушыларды дайындау үшін қажетті тапсырма түрлерін ала білу және тілдік тосқауылдарды жеңу өте маңызды.

Мысалы: Қазақстан нарықтық экономикаға бет бұрды. (сөйлемдегі асты сызылған сөзге сатылай кешенді талдау жасандар)

Нарықтық

Қандай?

Сын есім

Дара

Туынды

Қатыстық

Жай шырай

Анықтауыш

Пән бойынша қолдану:



Сатылай кешенді талдау қазақ тілінің барлық салаларын (фонетика, лексика, морфология, сөзжасам, синтаксис) жүйелі, сапалы меңгертумен қатар, басқа пәндермен тығыз байланысты оқытуды да көздейді. Бұл әдіс өткен, қазіргі, кейінгі материалдарды өзара бірлікте игеруге мүмкіндік береді. Сатылай кешенді талдау арқылы оқушының қабылдауы, есте сақтау қабілеті өседі, ойлау, сөйлеу дағдысы қалыптасады, өз бетінше ізденіспен еңбек етуге талпынады. Нақты айтар болсақ, сатылай кешенді талдау оқушының шығармашылық қабілетін арттырады, уақытты үнемді пайдаланып, өз ойын тірек-схемалар арқылы тұжырымдап айтуға дағдыландырады, шығармашылық ізденісіне жол ашады.

Тренинг №1 Етістіктің шақтарын жасалу жолымен сәйкестендір.

Жасалу жолдары: Шақтардың түрлері:

1. Ауыспалы осы шақ

2. Мақсатты келер шақ

3. Бұрынғы өткен шақ

4. Жедел өткен шақ

5. Ауыспалы өткен шақ

6. Болжалды келер шақ

7. Ауыспалы келер шақ

8. Нақ осы шақ

А) етістік+(-мақ,-мек,-бақ,-бек)+(шы,-ші) жіктік жалғауы;

Б) етістік+(-а,-е,-й)+жіктік жалғау;

В) ет+(-атын,-етін,-йтін,-йтын)+жіктеледі;

С) ет.+(-ар, -ер,-р)+жіктік жалғау;

Д) ет.+(-ды, -ді,-ты,-ті)+жіктік жалғау;

Е) отыр, тұр, жатыр, жүр+жіктік жалғауы;

Ж) ет.+(-ған,-ген,-қан,-кен,-ып,-іп,-п) +жік.жалғ.;

З) ет.+(-а,-е,-й)+жік.жалғ.

Күнде сабаққа барамын;

И) ет+(-ғалы, -гелі, -қалы,-келі)+жікт.

Тренинг №2

Сөздердің байланысу түрлерін ережесімен сәйкестендірері: Ережелері:

1.Қиысу

2.Матасу

3.Меңгеру

4.Қабысу

5.Жанасу а) сөздердің жіктік жалғау арқылы байланысуы немесе бастауыш пен баяндауыштың байланысуы;

б) сөздердің бірде іргелес, бірде алшақ тұрып байланысуы (негізінен үстеу мен етістікбайланысады);

с) сөздердің ілік септігінен басқа септіктердің жалғаулары арқылы байланысуы;

д) ілік септігіндегі сөз бен тәуелдік жалғауындағы сөздің байланысуы;

е) ешбір жалғаусыз тек орын тәртібі арқылы қатар тұрып байланысуы;

т) ешбір жалғаусыз алшақ тұрып байланысуы.

№3

Сөйлем түрлерін ережесімен сәйкестендір. Түрлері:
Ережелері

1. Жақты
2. Жақсыз
3. Жалаң
4. Жайылма
5. Толымды
6. Толымсыз
7. Атаулы а) тұрлаусыз мүше қатысқан сөйлем;
б) іс-оқиғаның, құбылыстың атауын ғана көрсететін сөйлем;
с) хабарлау, баяндау, суреттеу мақсатында құрылатын сөйлем;
д) бастауышы бар сөйлем;
е) айтылуға тиісті тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің бірі түсіп қалған сөйлем;
в) бастауышы мүлдем жоқ сөйлем;
г) ойға қажетті мүшелердің бәрі қатысқан сөйлем;
ғ) тек тұрлаулы мүшеден тұратын сөйлем.



Салалас құрмалас сөйлемнің жалғаулықтарын сәйкестендір.

Түрлері: Жалғаулықтары:

1. Ыңғайластық
2. Қарсылықты
3. Себеп-салдар
4. Кезектес
5. Талғаулы
6. Түсіндірмелі а) е, немесе, я, яки, не болмаса, әлде, әйтпесе;
б) өйткені, сондықтан, себебі, сол үшін, сол себепті, неге десеңіз;
с) жалғаулығы жоқ;
д) және, дегенмен, әйтпесе;
е) бірақ, дегенмен, сонда да, әйтсе де, алайда;
в) және, әрі, да, де, та, те;
г) бірде, біресе, кейде.

Оқушы қазақ тілін сапалы меңгеру үшін тілдік терминдерге көбірек мән беру керек. Тілдік теориялық материалдарды сапалы игеру оның атауын дұрыс түсінуден басталмақ.

Термин сөздерді білесіңбе?

№ Терминдер: Мағынасы:

1 Антоним Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер;

2 Архаизм

3 Ассимиляция

4 Диалог

5 Диалект

6 Монолог

7 Неологизм

8 Омоним

9 Орфография

❖ Көсемше

- ❖ 1. **-а, -е, -й** жұрнағы арылы ауыспалы осы шақ жасалады. Жіктеледі
- ❖ Мысалы: **жаз+а, күл+е, қара+й**
- ❖ 2. **-ып, -іп, -п** жұрнағы арылы өткен шақ көсемше жасалады. Жіктеледі
- ❖ Мысалы: **жаз+ып, күл+іп**
- ❖ 3. **-ғалы, -гелі, -қалы, -келі** тұлғалы көсемшелер жіктелмейді.
- ❖ Мысалы: **бер+гелі, қара+ғалы**
- ❖ 1,2,3-көсемше тұлғасына көптік, тәуелдік, септік жалғаулары жалғанбайды.
- ❖ **-ды, -ді -ты, -ті** /жіктік жалғауының III жағы/
- ❖ **-а, -е, -й** тұлғасынан кейін **-ды, -ді**
- ❖ **-ып, -іп, -п** тұлғасынан кейін **-ты, -ті** /көпше, жекеше/ жіктік жалғауының
- ❖ III жағы. Мысалы: **кел+іп+ті, кел+е+ді**
- ❖ **-ды, -ді -ты, -ті** /жедел өткен шақтың жұрнағы/
- ❖ Етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне жіне етіс, болымсыз етіс тұлғаларына жалғанады.
- ❖ Мысалы: **кел+ді, кел+тір+ді, қара+т+па+ды**
- ❖ **-ды, -ді -ты, -ті** /табыс септігінің жалғауы/

- ❖ **Есімше** /көптеледі, тәуелденеді, септеледі, жіктеледі/
- ❖ 1. **-қан, -кен, -ған, -ген** жұрнақтары арқылы өткен шақ есімше./көптеледі/
Мысалы: **ал+ған, көр+ген**
- ❖ 2. **-ар, -ер, -р** және болымсыз етістіктен кейін **-с** жұрнақтары арқылы болжалды келер шақ есімше жасалады. /көптелмейді/
Мысалы: **айт+ар, сөйле+р, берме+с**
- ❖ 3. **-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек** жұрнақтары арқылы мақсатты келер шақ есімше жасалады. /көптелмейді/
Мысалы: **бар+мақ, кел+мек, кет+пек** Ескерту! Бұл жұр-р етістіктің болымсыз тұлғасына жалғанбайды.
- ❖ 4. **-атын, -етін, -йтін, -йтын** жұрнақтары арқылы өткен шақ есімше жасалады. /көптеледі/
Мысалы: **бар+атын, кел+етін**
- ❖

Морфологиялық талдау барсы

Нұрша Оразахынованың «Сатылай кешенді талдау» технологиясын пайдаланамын.

Морфологиялық талдау үлгісі:

Тоқтады

1. Бұл сөз екі құрамнан тұр. Тоқта + ды
2. Тұлғасына қарай: негізгі
3. Құрлысына қарай: дара
4. Сөзде 1 лексикалық; 2 грамматикалық мағына бар.
5. Лексикалық мағынасы: қимыл-қозғалысқа берілген атау.
6. 1-грамматикалық мағына: тоқта – етістік; 2-грамматикалық мағына: -ды, жедел өткен шақ жұрнағы
7. Сұрағы: қайтті? – етістік
8. Мағынасына қарай: Болымды, салт етістік.


Морфология бөлімінің ең күрделі әрі көлемді тарауы – сөз таптары екендігі белгілі. Ендеше морфологияны оқыту – қазақ тілін оқытудағы аса жауапты кезеңдердің бірі. Сөз таптарын оқытуға байланысты әр түрлі үлгідегі перфокарталарды пайдаланамын.

Үнемі әрбір тест нұсқалары бойынша талдау жұмысын жүргізіп отырамын.

Оқушыларды ҰБТ-ға дайындауда төмен балл жинаған оқушылармен мынадай жұмыстар жүргіземін:

- Ереже жаттату
- Жаттығу жұмыстарын жүргізу
- Тапсырма орындау
- Әр тест сұрақтарымен жұмыс
- Меңгермеген тақырыпты қайталау
- Оқушы қателескен тест сұрағын түсіндіру
- Ереже сұрау
- Емтихан алу
- Қосымша сабақ өткізу
- Логикалық тапсырмаларды орындату
- Мониторинг жасау (көрсету)
- Кемшілігін жоюға талпындару, жетістіктерін мадақтау
- Бәсекелестік туындату
- Оқушымен достық қарым-қатынас орнату

Тестілеудің қорытындысы:



Бұл жолда ұстаз талмай, шаршамай,
үздіксіз, уақытпен санаспай еңбек етуі
қажет.

Тәуелсіз еліміздің болашағы – білімді ұрпақ
дейтін болсақ, осы мақсатқа жету үшін әліде
көптеген жұмыстар істеуге тиіспіз.

Сондықтан жаңа заманға лайықты білімді
ұрпақ даярлауда аянбай еңбек ете берсек,
жоғарғы нәтижелерге қол жеткізеріміз
күмәнсіз.

Барлық ұстаздар қауымы білімді
ұрпақ даярлауға атсалысайық демекпін.

Критериалды мониторинг жасаудың пайдасы.

1

НАҚТЫЛЫҚ

2

ӘДІЛДІК

3

ЫНТАЛАНДЫРУ

4

БЕЛСЕНДІЛІК

5

ЖЕКЕ ТҰЛҒА